

Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және төлеу нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 09 қарашадағы N 695 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 29 қарашада N 5-17-155 тіркелді. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 15 ақпандағы N 12 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2012.02.15 N 12 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 14)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 16-бабына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 20-бабына сәйкес, азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында, Ұлан ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және төлеу жөніндегі қоса берілген нұсқаулық қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Ұлан ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 268 «Ауданның өте мұқтажды және аз қамтылған азаматтарына біржолғы материалдық көмек бөлу және төлеу туралы ережені бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылдың 25 қыркүйегінде № 5-17-110 тіркелген, аудандық «Ұлан таңы» газетінің 2009 жылғы 9 қазандағы № 46 санында жарияланған қаулының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындауын бақылау Ұлан ауданы әкімінің орынбасары Д. М у с и н г е ж ү к т е л с і н .

4. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлан ауданының әкімі

Ж. Муратов

Ұ л а н

а у д а н ы

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

9

қ а р а ш а д а ғ ы

№ 695 қаулысымен бекітілді

Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және төлеу жөніндегі нұсқаулық

Нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы жағдайлар

1. Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлемдер (бұдан әрі - әлеуметтік төлем) ақшалай төлемдер түрінде көрсетіледі. Әлеуметтік төлем түрлері, мөлшері осы нұсқаулықпен белгіленеді.

2. Әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға, Ұлан ауданында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға ұсынылады.

3. Әлеуметтік төлем Ұлан ауданының бюджетінен қаржыландырылады.

2. Біржолғы әлеуметтік төлемді алу құқықтары

4. Біржолғы әлеуметтік төлем алуға келесі азаматтар санаттары құқылы: аз қамтылған отбасылар, жұмыспен қамту орталығында есепте тұрған жұмыссыздар, табыстары Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы № 357-IV «Қазақстан Республикасының 2011-2013 жылдарға республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ағымдағы жылға белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын зейнеткерлер; табыстарына қарамастан 1, 2 топ мүгедектері;

табыстарына қарамастан әлеуметтік көмекті мұқтаж ететін онкологиялық, туберкулездық ауру адамдар, отбасылар емделу, операцияларды жасау, Қазақстан Республикасының аумағында ауруханаларға емделуге жатқызу үшін
б а р у ғ а ;

табыстарына қарамастан қант диабетімен ауыратын азаматтар;
табыстарына қарамастан туғаннан 18 жасқа толғанға дейін мүгедек баласын
тәрбиелеп отырған отбасылар ;

табыстарына қарамастан жетім балалар, 18 жасқа толмаған ата- анасының
қамқорлығынсыз қалған балалар ;

табыстарына қарамастан табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар сияқты себептерге байланысты, өмірдің қиын жағдайына түскен
а з а м а т т а р .

5. Табыстарына қарамастан мерекелік және айтулы күндерге қатысты, азаматтардың келесі санаттары біржолғы ақшалай төлем алуға құқылы:

Ауған соғысының қатысушылары мен мүгедектері;
көп балалы отбасылар, көп балалы аналар;

Чернобыль атом электростанциясы апатының зардаптарын жоюға қатысушы
т ұ л ғ а л а р ;

м ү г е д е к б а л а л а р ;

жетпіске келген және одан асқан зейнеткерлер;

соғыс ардагерлері, фашизм тұтқындары, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) қатысушылардың екінші рет некеге тұрмаған жесірлері.

3. Азаматтардың жеке санаттарына біржолғы әлеуметтік төлемнің мөлшерлері

6. Біржолғы әлеуметтік төлемдер осы Нұсқаулықтың 4, 5 тармақтарында көрсетілген азаматтардың жеке санаттарына келесі мөлшерлерінде жүзеге
а с ы р ы л а д ы :

аз қамтылған отбасыларға, жұмыспен қамту орталығында есепте тұрған жұмыссыздарға, табыстары Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы № 357-IV «Қазақстан Республикасының 2011-2013 жылдарға республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ағымдағы жылға белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын, жетпіске келген және одан асқан зейнеткерлерге - 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

табыстарына қарамастан 1, 2 топ мүгедектеріне - 10 айлық есептік көрсеткіш
м ө л ш е р і н д е ;

табыстарына қарамастан әлеуметтік көмекті мұқтаж ететін онкологиялық, туберкулездық ауру адамдарға, отбасыларға емделу, операцияларды жасау, Қазақстан Республикасының аумағында ауруханаларға емделуге жатқызу үшін баруға - 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

табыстарына қарамастан қант диабетімен ауыратын азаматтарға - 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

табыстарына қарамастан туғаннан 18 жасқа толғанға дейін мүгедек баласын тәрбиелеп отырған отбасыларға - 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

табыстарына қарамастан жетім балаларға, 18 жасқа толмаған ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға - 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

табыстарына қарамастан табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар сияқты себептерге байланысты, өмірдің қиын жағдайына түскен азаматтарға - 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

15 ақпанда (Ауғанстаннан кеңестің шектеулі әскери контингентін шығару күні) – Ауған соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне жеке жазбаша өтініші бойынша 5000 (бес мың) теңге;

8 наурызда (Халықаралық әйелдер күні) – көп балалы отбасыларға, көп балалы аналарға жеке жазбаша өтініші бойынша 5000 (бес мың) теңге;

26 сәуірде (Чернобыль атом электрстанциясы апатының құрбандарын еске алу күні) – Чернобыль атом электрстанциясы апатының зардаптарын жоюға қатысушы тұлғаларға жеке жазбаша өтініші бойынша 5000 (бес мың) теңге;

1 маусымда (Балаларды қорғау күні) – мүгедек балаларға ата-аналары немесе олардың орнындағы адамдардың жазбаша өтініші бойынша 5000 (бес мың) теңге ;

1 қазанда (Қарттар күні) – жетпіске келген және одан асқан зейнеткерлерге жеке жазбаша өтініші бойынша 5000 (бес мың) теңге;

9 мамырда (Жеңіс күні) біржолғы ақшалай төлемдер арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушылар санаттары бойынша: соғыс ардагерлері, фашизм тұтқындары, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) қатысушылардың екінші рет некеге тұрмаған жесірлері – 10000 (он мың) теңге.

4. Азаматтардың жеке санаттарына біржолғы әлеуметтік төлемді тағайындау

7. Әлеуметтік төлем отбасының бір мүшесіне (азаматқа) жеке жазбаша өтініші бойынша, ата-аналары немесе олардың орнындағы адамдардың жазбаша өтініші бойынша жылына бір рет материалдық көмек түрінде беріледі.

8. Біржолғы әлеуметтік төлемнің мөлшері осы Нұсқаулықтың 6 тармағына

с ә й к е с

б е л г і л е н е д і .

9. Біржолғы әлеуметтік төлемді алу үшін азамат (отбасы өкілі) өтініш пен төмендегі құжаттардың көшірмесін (түп нұсқасымен салыстыру үшін) «Ұлан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне

ұ с ы н а д ы :

өтініш берушінің жеке бас куәлігінің көшірмесі;
өтініш берушінің тұрғылықты жерін анықтайтын құжаттың көшірмесі;
тұрмыс жағдайын тексеру актісі (тұрғылықты жері бойынша учаскелік комиссия мүшелерімен жасалған);
отбасының әлеуметтік картасы (тұрғылықты жері бойынша учаскелік комиссиямен жасалған).

10. Өтініш түскен күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде қаралады. Қаралу мерзімі өткенше, өтініш берушілерге қабылданған шешім туралы жазбаша түрде хабарланады.

11. Біржолғы әлеуметтік көмекті беруден бас тартуға келесі негіздер болады:
1) өтініш беруші Ұлан ауданы аумағында тіркеуде тұрмаған болса;
2) өтініш беруші осы Нұсқаулықтың 4, 5 тармақтарында көрсетілген азаматтар санатына кірмесе.